



010000, Астана қаласы  
Есіл ауданы, Орынбор көшесі 8  
Министрліктер Үйі, 15 кіреберіс  
Тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 740454  
e-mail: kense@mks.gov.kz

010000, город Астана  
Есильский район, ул. Орынбор 8  
Дом Министерств, 15 подъезд  
тел.: 8 (7172) 74 01 07, 8 (7172) 740454  
e-mail: kense@mks.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары, «Нұр Отан»  
партиясы фракциясының  
мүшелері  
К. Мұсырманға  
Б. Мамраевқа**

*2017 жылғы 15 наурыздағы  
№ ДС-67*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздердің паралимпиадалық спортты дамытуға қатысты сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

1) Бүгін республикамызда мүгедектерге арналған 12 спорттық клуб (Астана және Алматы қалаларында, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында) және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған 2 мамандандырылған спорт мектебі (Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облысы), 1 ойын спорты түрлері және мүгедектер спорты бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі Павлодар облысында, сондай-ақ Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» МКК-да мүгедектер спорты бойынша 1 бөлімше жұмыс істейді, жалпы шұғылданатын адамдардың саны 5 129 қамтиды.

2016 жылғы 22 сәуірде Батыс Қазақстан облысында мүгедектерге арналған спорттық клуб ашылды.

Еліміздің өңірлерінде клубтарды ашу бойынша жұмысты Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізеді және осы спорттық ұйымдарда шұғылдану мүгедектерге тегін жүргізіледі.

Ү.ж. 13 қаңтарда Мүгедектердің әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі отырысында Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік

Қазақстан облыстарының әкімдіктеріне мүгедектерге арналған спорттық клубтар ашу мәселесін қарастыру туралы тапсырма берілді.

2) Зүлфия Ғабидуллина, Раушан Қойшыбаева және Атырау облысының волейболдан отырып ойнау командасы жарыстарға қатысу кезінде жүйелі түрде көрермендерімен кездеседі, бұдан басқа Зүлфия Ғабидуллина «Қазақстан» РТРК АҚ телеарнасының «Дара жол» телебағдарламасының түсіріліміне қатысты, сонымен қатар «Kazsport» телеарнасында ол туралы «История маленькой русалки» деректі фильм көрсетілді, осы жобаларда ол өзінің ауыр тағдыры және өзінің өміріндегі және спорттағы жетістіктері туралы бағдарламаға қатысқан жастарға және телекөрермендерге баяндады.

3) «Қайырымдылық туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5) тармағына сәйкес Мемлекеттік органдар бюджет қаражаты есебінен қайырымдылықпен айналысуға құқылы емес.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы паралимпиадалық құрамасын 2018 жылғы XII қысқы Паралимпиадалық ойындарға (Пхенчхан қ. Оңтүстік Корея) сапалы дайындау мақсатында 2016 жылы спорттық мүкәммалға 15,5 млн. теңге бөлінді.

Министрлік халықаралық жарыстарда мүгедек спортшылардың қатысуының сандық құрамы жөніндегі мәселеге қатысты өтінімдерді Ұлттық Паралимпиадалық комитетке (бұдан әрі - ҰПК) жаттықтырушылар кеңесі шешімінің қорытындысы бойынша, ҰПК пікірін есеп ала отырып, «Ұлттық штаттық құрама командалар және спорт резерві дирекциясы» РМҚК жіберетінін хабарлайды.

4) «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясының құрамында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы жергілікті атқарушы органының, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері болмаса, тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға тапсыруға жол берілмейді.

2016 жылғы қорытынды бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармаларының деректері бойынша, спорт құрылыстары мен ғимараттарының саны 29 087 (ауылда 19 856) бірлікті құрайды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімді ғимараттар саны 19 204 (ауылда 13 237) бірлік.

Әртүрлі санаттағы мүгедектерге бейімделген дене шынықтыру және спорт объектілерінің үлесі 68,3 % құрайды.

Қазіргі уақытта, халық арасында «Сарыарқа» республикалық велотрегі РМҚК фитнес-орталығында, Б.Шолақ атындағы Спорт сарайында, сонымен қатар «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғарғы спорт

шеберлігі мектебінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін дене шынықтыру және спорт сабақтары өтеді.

Фитнес-орталықта 1 және 2-топтағы мүгедектерге қызметтер тегін, ал 3-топтағы мүгедектер үшін 50 % пайыз жеңілдіктер ұсынылады.

5) Министрлік 2017 жылғы 2 ақпандағы №14-04-04/851//21-11/239 хатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне дене шынықтыру мен спорт саласында мамандарды және жаттықтырушы-оқытушыларды оқыту, мүгедектермен, оның ішінде мүгедек-балалармен жұмыс істеуді дайындау курсына оқу бағдарламасына енгізу ұсыныстарын жіберді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №288 бұйрығымен «Бұқаралық дене шынықтыруды және спортты дамыту» кәсіптік стандарты бекітілді, онда кәсіптер тізбесінде Министрліктің тікелей қатысуымен «Бейімдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы» кәсіптік стандарты әзірленгенін атап өткім келеді.

б) «Спорттық медицина және оңалту орталығы» РМҚК (бұдан әрі - Орталық) жыл сайын ұлттық құрама команданың 7000 жуық спортшысын, оның ішінде паралимпиадалық және сурдлимпиадалық спорт түрлерінен мүгедек спортшыларды тереңдетілген медициналық тексеруден өткізеді.

2016 жылғы қорытынды бойынша 15 спорт түрінен (жүзу, волейболдан отырып ойнау, садақтан ату, жеңіл атлетика, үстел теннисі, пауэрлифтинг, футбол, грек-рим және еркін күресі, пара-каное, дзюдо, арбадағы би, шахмат, шашки, биатлон) 251 мүгедек спортшы тереңдетілген медициналық тексеруден өткізілді.

Сонымен бірге, Орталықта мүгедек спортшыларды сыныптауды жүзеге асыратын мамандарды (сыныптаушы) оқыту бойынша шығыстар баптары көзделмеген, алайда ҰПК-ның қаржы көмегінің арқасында Орталық қажетті дәрігерлерді оқытуға ұсынуға дайын.

7) «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК бірлесіп мүгедек спортшылар арасында басымды спорт түрлерінен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Осылайша, Министрлік алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасында спортты дамыту бойынша кешенді іс-шаралар қабылдайтын болады.

**Министр**

**А. Мұхамедиұлы**